

"Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептілікті жасау және беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 644 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 23 шілдедегі № 356 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 08 тамызда № 8613 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 324 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 31.07.2014 № 324 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептілікті жасау және беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 644 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5489 болып тіркелген) бұйрығына өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептілікті жасау және беру ережесінде:

41-тармақтың үшінші және төртінші абзацтары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«кестенің 4-бағанының сомалары кірістердің 2-санаты бойынша сомадан (1,0 млрд. теңге), бұл – төмен тұрған бюджеттерге берілген кредиттер бойынша сыйақылар (мүдделер) сомасы және кірістердің 4-санаты бойынша (230,0 млрд. теңге = 70,0 млрд. теңге + 210,0 млрд. теңге – 50,0 млрд. теңге) сомадан, бұл бюджеттік алымдар ретінде жоғары тұрған бюджет алған трансферттердің және жоғары тұрған бюджеттен субвенциялар, нысаналы ағымдағы трансферттер мен нысаналы даму трансферттері (жоғары тұрған бюджеттің резервінен алынған трансферттерді қоса алғанда) нысанында төмен тұрған бюджет алған трансферттердің сомасынан Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан түскен трансферттер сомасын алып тастағандағы сомадан тұрады.

II «Шығындар» бөлімі: кестенің 4-бағанының сомасы төмен тұрған бюджетке жоғары тұрған бюджеттің берген трансферттерінің (90,0 млрд. теңге - субвенциялар, 80,0 млрд. теңге – нысаналы ағымдағы және нысаналы даму трансферттері), жоғары тұрған бюджетке төмен тұрған бюджеттен берілген

трансферттердің (60,0 млрд. теңге - бюджеттік алымдар) және үкіметтік борышқа қызмет көрсету жөніндегі шығындардың (1,0 млрд. теңге) сомасынан тұрады.»;

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«48. Ведомство мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру үшін жауапты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесіне мыналарды:

«1) сыртқы қарыздар есебінен есепті кезеңнің соңғы айының кассалық операцияларын есептемегендегі есепті айдағы республикалық бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы айлық есеп деректері - сыртқы қарыздар есебінен есепті кезеңнің соңғы айының кассалық операцияларын ескере отырып, есепіден кейінгі айдың 3-інен кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйесі арқылы (бұдан әрі – АЖ) - есепіден кейінгі айдың 10-ынан кешіктірмей агрегирленген нысанда қағаз тасығышта, онда республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептің бюджетке түсетін түсімдер кіретін бөлімінде бюджет түсімдері сыныптамасының түсімдерінің санаттары мен сыныптары қамтылуы тиіс, ал есептің бюджет шығыстары кіретін бөлімдерінде бюджет шығыстары сыныптамасының функционалдық топтары мен кіші топтары қамтылуы тиіс.

Сыртқы қарыздар есебінен есепті кезеңнің соңғы айының кассалық операцияларын есепке алғанда есепті қаржы жылынан кейінгі келесі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша республикалық бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы деректер Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есебіне материалдарды талдау және дайындау үшін пайдаланылады.

2) есепті жылғы республикалық бюджет көрсеткіштерінің атқарылуы туралы, ведомствоның аумақтық бөлімшелерінің есептерінің және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік есептілік деректерімен салыстырылған деректер - санаттар, сыныптар, кіші сыныптар және бюджет түсімдері сыныптарының ерекшеліктері, бюджеттік бағдарламалар, бағдарламалар, кіші бағдарламалар әкімшілері және бюджет шығыстары сыныптамасының ерекшеліктері бойынша бюджет түсімдерін және функционалдық топтар, функционалдық кіші топтар бойынша бюджет шығыстарын көрсете отырып АЖ арқылы және қағаз тасығышта есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейін ұсынады.»;

68-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«68. Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін, олардың иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы және демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалуды туралы есептерді:

1) ведомство – есепті деректерді агрегирленген нысанда қағаз тасығышта және ілеспе хатпен растай отырып, АЖ арқылы толық көлемде;

2) бюджетті атқару жөніндегі облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті уәкілетті органдары - толық көлемде электрондық дерекқор түрінде ұсынады және бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша деректерсіз қағаз түріндегі есептермен р а с т а л а д ы . » ;

69-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«69. Бюджетті атқару жөніндегі облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті уәкілетті органдары Қағаз түріндегі есептер тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуге байланысты және демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде алынған ақшаның қозғалысына әсер ететін негізгі факторлар жазылған түсіндірме жазбасы бар ілеспе хатпен беріледі.»;

77-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«77. Осы Ережемен кредиторлық берешек туралы есеп берудің мынадай ны с а н д а р ы б е л г і л е н е д і :

КБ-Б, бюджет қаражаттары есебінен, (осы Ережеге 12-қосымша) ол бойынша мемлекеттік және республикалық бюджеттердің, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана және аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерінің кредиторлық берешегі туралы есеп жасалады;

КБ-Ө, өзге қаражаттар есебінен (осы Ережеге 13-қосымша) ол бойынша мемлекеттік және республикалық бюджеттердің, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана және аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерінің кредиторлық берешегі туралы есеп жасалады;

Есептерге тиісінше бюджеттік және өзге қаражат есебінен құрылған берешектің құрылу себептері туралы ақпарат осы Ереженің 16 және 16-1-қосымшаларына сәйкес қоса беріледі.»;

80-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«80. Кредиторлық берешек туралы шұғыл есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру үшін жауапты құрылымдық бөлімшесіне ай сайын:

1) ведомство - есепті деректерді агрегирленген нысанда қағаз тасығышта және ілеспе хатпен растай отырып, есепіден кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей АЖ-арқылы толық көлемде растайды;

2) бюджетті атқару жөніндегі облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті уәкілетті органдары – кейіннен, есепіден кейінгі айдың аяғына дейін есепті деректерді қағаз тасығышта растай отырып, электрондық дерекқор түрінде есепіден кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей ұ с ы н а д ы .

КБ-Б және КБ-Ө нысандары бойынша кредиторлық берешек туралы ай сайынғы есепке бюджеттік және өзге қаражат есебінен құрылған кредиторлық берешектің құрылу себептері туралы ақпарат осы Ереженің 16 және 16-1-қосымшаларына сәйкес қоса беріледі.

Берешектің құрылу себептері туралы ақпарат әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама), ерекшелік бойынша берешектің құрылу себептеріне түсіндірмені қамтиды.»;

84-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«84. Кредиторлық берешек туралы нақтыланған есептерді:

- 1) ведомство – есепті деректерді агрегирленген нысанда қағаз тасығышта және ілеспе хатпен растай отырып, АЖ арқылы толық көлемде;
- 2) бюджетті атқару жөніндегі облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті уәкілетті органдары-электрондық дерекқор түрінде және атқарушы туралы мәліметтерді көрсете отырып, ресми бланкіге жазылған, басшының қолы қойылған қағаз тасығыштағы ілеспе хатпен жібереді.

Есептерге тиісінше бюджеттік және өзге қаражат есебінен құрылған берешектің құрылу себептері туралы ақпарат осы Ереженің 16 және 16-1-қосымшаларына сәйкес қоса беріледі.»;

89-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«89. Осы Ережеде дебиторлық берешек туралы есептердің мынадай нысандары белгіленеді:

ДБ-Б, бюджет қаражаттары есебінен, (осы Ережеге 14-қосымша) бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік және республикалық бюджеттердің, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана және аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерінің дебиторлық берешегі туралы есеп жасалады;

ДБ-Ө, бюджет қаражаттары есебінен, (осы Ережеге 15-қосымша) өзге қаражат есебінен мемлекеттік және республикалық бюджеттердің, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана және аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерінің дебиторлық берешегі туралы есеп жасалады;

Есептерге тиісінше бюджеттік және өзге қаражат есебінен құрылған берешектің құрылу себептері туралы ақпарат осы Ереженің 16-2 және 16-1-қосымшаларына сәйкес қоса беріледі.»;

93-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«93. Дебиторлық берешек туралы шұғыл есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру үшін жауапты құрылымдық бөлімшесіне ай сайын:

- 1) ведомство - есепті деректерді агрегирленген нысанда қағаз тасығышта және ілеспе хатпен растай отырып, есепіден кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей АЖ-арқылы толық көлемде растайды;

2) бюджетті атқару жөніндегі облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті уәкілетті органдары – кейіннен, есепіден кейінгі айдың аяғына дейін есепті деректерді қағаз тасығышта растай отырып, электрондық дерекқор түрінде есепіден кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей ұ с ы н а д ы .

Қағаз тасығыштағы ДБ-Б және ДБ-Ө нысандары бойынша дебиторлық берешек туралы ай сайынғы есепке бюджет және өзге де қаражат есебінен құралған дебиторлық берешектің құрылу себептері туралы ақпарат осы Ереженің 16-1 және 16-2-қосымшаларына сәйкес қоса беріледі.

Берешектің құрылу себептері туралы ақпарат әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама), ерекшілік бойынша берешектің құрылу себептеріне түсіндірмені қамтиды.»;

97-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«97. Дебиторлық берешек туралы нақтыланған есептерді:

1) ведомство – есепті деректерді агрегирленген нысанда қағаз тасығышта және ілеспе хатпен растай отырып, АЖ арқылы толық көлемде;

2) бюджетті атқару жөніндегі облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті уәкілетті органдары-электрондық дерекқор түрінде және атқарушы туралы мәліметтерді көрсете отырып, ресми бланкіге жазылған, басшының қолы қойылған қағаз тасығыштағы ілеспе хатпен жібереді.

Есептерге тиісінше бюджеттік және өзге қаражат есебінен құрылған берешектің құрылу себептері туралы ақпарат осы Ереженің 16-1 және 16-2-қосымшаларына сәйкес қоса беріледі.»;

12-қосымшаның қазақ тілдегі мәтінінде «КЗ-Б-нысаны» деген сөздер «КБ-Б нысаны» деген сөздермен ауыстырылсын;

13-қосымшаның қазақ тілдегі мәтінінде «КЗ-П-нысаны» деген сөздер «КБ-Ө нысаны» деген сөздермен ауыстырылсын;

аталған Ережеге 5, 14, 15, 16, 16-1, 16-2-қосымшалар осы бұйрықтың 1, 2, 3, 4, 5, 6-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бюджеттік рәсімдер әдіснамасы департаменті (З.А. Ерназарова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және заңнамада белгіленген тәртіпте бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жәмішев

Қазақстан

Республикасы

Қаржы

министрінің

2013

жылғы

23

шілдедегі

№ 356

бұйрығына

1-қосымша

Бюджетті

атқару

жөніндегі

уәкілетті

органдардың

бюджеттік

есептілікті

жасау

және

беру

ережесіне

5-қосымша

Нысаны

Мемлекеттік, шоғырландырылған бюджеттердің, облыс бюджетінің атқарылуы туралы есептерді қалыптастыру үлгісі

Бөлімдер	Коды		Бюджет көрсеткіштерінің атауы	Республикалық бюджет / облыстық бюджет	Жергілікті бюджет (облыстық, Республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандар (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттері	Мемлекеттік бюджет (республикаль бюджет жергілікті бюджет) облыстық (бюджет + аудандардың облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеті) *
	Түсімдер сыныптамасы	Шығыстардың функционалдық сыныптамасы				
			А	1	2	3
			Кірістер	1120,0	570,0	1690,0
I	1		салықтық түсімдер	960,0	350,0	1310,0
	2		салыққа жатпайтын түсімдер	75,0	5,0	80,0
	3		негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	15,0	5,0	20,0
	4		трансферттер түсімдері	70,0	210,0	280,0
			<i>оның ішінде:</i>			
			төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан берілетін трансферттер	20,0		20,0
			жоғары тұрған мемлекеттік басқару			

			органдарынан берілетін трансферттер		210,0	210,0
			Ұлттық қордан берілетін трансферттер	50,0		50,0
II			Шығындар	1050,0	590,0	1640,0
		1	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	70,0	30,0	100,0
		2	Қорғаныс	70,0	10,0	80,0
		3	Жалпы тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, соттық, қылмыстық-атқарушылық қызмет	100,0	25,0	125,0
		4	Білім беру	60,0	165,0	225,0
		5	Денсаулық сақтау	60,0	100,0	160,0
		6	Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	280,0	38,0	318,0
		7	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы	25,0	60,0	85,0
		8	Мәдениет, ақпарат, туризм және ақпараттық кеңістік	20,0	30,0	50,0
		9	Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	28,0	10,0	38,0
		10	Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары	60,0	10,0	70,0
		11	Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	1,5	0,5	2,0
		12	Көлік және коммуникация	90,0	25,0	115,0
		13	Өзгелер	60,0	25,0	85,0
		14	Борышқа қызмет көрсету	35,5	1,5	37,0
		15	Трансферттер	90,0	60,0	150,0
			Таза бюджеттік кредит беру	44,0		48,0
			Бюджеттік кредиттер	65,0	10,0	75,0
		4	Білім беру	8,0	-	8,0
		7	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы	40,0	-	40,0

III		10	Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары	3,0	8,0	11,0
		12	Көлік және коммуникация	6,0	-	6,0
		13	Өзгелер	8,0	2,0	10,0
	5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	21,0	6,0	27,0
IV			Қаржы активтерімен жасалатын түсімдер	68,0	9,0	77,0
			Қаржы активтерін сатып алу	70,0	10,0	80,0
	6		Мемлекеттің қаржы активтерін сатып алудан түсетін түсімдер	2,0	1,0	3,0
V			Тапшылық	-42,0	-33,0	-75,0
VI			Тапшылықты қаржыландыру	42,0	33,0	75,0
	7		Қарыздардың түсімі	200,0	31,0	231,0
		16	Қарыздарды өтеу	158,0	1,0	159,0
	8		Бюджет қаражатының пайдаланылған қалдықтары	-	3,0	3,0

* - осы көлем өзара өтелетін операциялар тетігі ескеріле отырып, есептеледі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

2 3

ш і л д е д е г і

№

3 5 6

б ұ й р ы ғ ы н а

2-қосымша

Б ю д ж е т т і

а т қ а р у

ж ө н і н д е г і

у ә к і л е т т і

о р г а н д а р д ы ң

б ю д ж е т т і к

е с е п т і л і к т і

ж а с а у

ж ә н е

б е р у

е р е ж е с і н е

14-қосымша

ДБ-Б-Нысаны

_____ жылға арналған

Дебиторлық берешек туралы есеп

(мемлекеттік, республикалық бюджеттің облыс,
республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның

(облыстық маңызы бар қаланың)

Кезеңділігі - айлық, тоқсандық, жылдық
 Өлшем бірлігі - мың теңге

Бюджеттік сыныптама кодтары						Атауы	Ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламаларды (кі бағдарламаларды) қаржыландыру жоспары
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі	Функционалдық топ	Бағдарлама	К і ш і бағдарлама	Ерекшелік	6		
1	2	3	4	5	6	7	

кестенің жалғасы

Барлығы берешек						Оның ішінде		
өткен жылдың берешегі								
Жыл басына	Ағымдағы жылы өтелген берешек сомасы		Ағымдағы жылы өтелгенін ескергендегі берешек (8-б, 9-б, 10-б)	ағымдағы жылдың берешегі	Жиыны (11-б+12б.)	Аванстық төлем сомасы (алдын ала төлеу)	Ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламаларды (к і ш і бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарына аванстық төлемдер сомасының (асыра төлеу) қатынастары 14-б. /7-б.%	қуыным мерзімі өткен берешек сомасы
	бюджеттің кірісіне аударылғаны	ө з г е негіздемелер бойынша						
8	9	10	11	12	13	14	15	16

М е м л е к е т т і к қ ы з м е т а с ы р а т ы н б а с ш ы с ы _____ б ю д ж е т к е к ө р с е т у д і ж ү з е г е в е д о м с т в о н ы ң _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

В е д о м с т о в а н ы ң ж а с а у ғ а б ө л і м і н і ң б а с ш ы с ы _____ е с е п т і к ұ р ы л ы м д а р _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Ж е р г і л і к т і о р г а н н ы ң б а с ш ы с ы _____ а т қ а р у ш ы _____

М.О. (қолы) (қолды таратып жазу)

Бюджетті атқару жөніндегі
жергілікті уәкілетті
органның басшысы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Бюджетті атқару жөніндегі
жергілікті уәкілетті органның
есепті жасауға жауапты
құрылымдық бөлімшесінің
басшысы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2013 жылғы 23 шілдедегі
№ 356 бұйрығына
3-қосымша

Бюджетті атқару жөніндегі
уәкілетті органдардың
бюджеттік есептілікті
жасау және беру ережесіне
15-қосымша
ДБ-Ө-Нысаны

_____ жылға арналған

Дебиторлық берешек туралы есеп
(мемлекеттік, республикалық бюджеттің облыс
республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның
(облыстық маңызы бар қаланың))

Кезеңділігі - _____ айлық, _____ тоқсандық, _____ жылдық
Өлшем бірлігі - мың теңге

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі	Функционалдық топ	Бағдарлама	Кіші бағдарлама	Ақылы қызмет коды	Атауы
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Барлығы берешек		өткен жылдың берешегі		Оның ішінде	
ағымдағы жылы өтелгенін берешек сомасының қалдығы		ағымдағы жылы өтелгенін		аванстық төлем	қуыным мерзімі

жыл басына	бюджеттің кірісіне аударылғаны	өзге негіздемелер бойынша	ескергендегі берешек (7-б, 8-б, 9-б)	ағымдағы жылдың берешегі	Жиыны (10-б+11-б)	сомасы (алдың ала төлеу)	өткен берешек сомасы
7	8	9	10	11	12	13	14

М е м л е к е т т і к б ю д ж е т к е
қ ы з м е т к ө р с е т у д і ж ү з е г е
а с ы р а т ы н в е д о м с т в о н ы ң
б а с ш ы с ы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

В е д о м с т о в а н ы ң е с е п т і
ж а с а у ғ а ж а у а п т ы қ ұ р ы л ы м д а р
б ө л і м і н і ң б а с ш ы с ы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Ж е р г і л і к т і а т қ а р у ш ы
о р г а н н ы ң б а с ш ы с ы _____

М.О. (қолы) (қолды таратып жазу)

Б ю д ж е т т і а т қ а р у ж ө н і н д е г і
ж е р г і л і к т і у ә к і л е т т і
о р г а н н ы ң б а с ш ы с ы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Б ю д ж е т т і а т қ а р у ж ө н і н д е г і
ж е р г і л і к т і у ә к і л е т т і о р г а н н ы ң
е с е п т і ж а с а у ғ а ж а у а п т ы
қ ұ р ы л ы м д ы қ б ө л і м ш е с і н і ң
б а с ш ы с ы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 2 3 ш і л д е д е г і
№ 3 5 6 б ұ й ы р ғ ы н а
4-қосымша

Б ю д ж е т т і а т қ а р у ж ө н і н д е г і
у ә к і л е т т і о р г а н д а р д ы ң
б ю д ж е т т і к е с е п т і л і к т і
ж а с а у ж ә н е б е р у е р е ж е с і н е

16-қосымша

Нысаны

**Бюджет қаражаты есебінен _____ кредиторлық берешектің
(бюджеттің атауы)
қалыптасу себептері туралы ақпарат
201 ____ жылға _____ арналған жағдай бойынша**

Бюджет түрі - _____
Кезеңділігі - айлық, тоқсандық, жылдық
Өлшем бірлігі - мың теңге

1	2	3	4	5	6	Онын ішінде:				
						7	8	9	10	
Өкімші	Бағдарлама	Кіші бағдарлама	Ерекшелері	Атауы	Кредиторлық берешегінің барлығы	Барлығы	олар бойынша төлеу мерзімі басталмаған міндеттемелер бойынша	жұмыс берушілердің жалақысы мен жарналары бойынша қысқа мерзімді берешек (кеш байл)	орын жұмыс актіс және аван есеп	
							оның ішінде құрылыс және реконструкциялау бойынша 5% төлемді ұстау	төлем мерзімі келген жок)		

Мемлекеттік асыратын жөніндегі басшысы _____ бюджетке ведомствоның/бюджетті жергілікті _____ қызмет уәкілетті _____ көрсетуді жүзеге атқару органның _____

(қолы) _____ (қолды таратып жазу) _____
Деректерді жасау үшін жауапты құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____

(қолы) _____ (қолды таратып жазу) _____

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2013 жылғы 23 шілдедегі
№ 356 бұйрығына
5-қосымша

Бюджетті атқару жөніндегі
 уәкілетті органдардың
 бюджеттік есептілікті
 жасау және беру ережесіне
 16-1-қосымша
 Нысаны

Өзге де қаражат есебінен _____ берешегінің
 (бюджеттің атауы)

қалыптасу себептері туралы ақпарат

20 __жылға _____ арналған жағдай бойынша

Бюджет түрі - _____
 Кезеңділігі - айлық, тоқсандық, жылдық

Әкімші	Бағдарлама	Кіші бағдарлама	Ақылы қызмет коды/т.б.	Атауы	Қарыз сомасы, мың теңге	Берешектің қалыптастыру себептері
1	2	3	4	5	6	7
		Барлығы				

Мемлекеттік бюджетке қызмет
 көрсетуді жүзеге асыратын
 ведомствоның/бюджетті атқару
 жөніндегі жергілікті уәкілетті
 органның басшысы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Деректерді жасау үшін жауапты
 құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы
 Қаржы министрінің
 2013 жылғы 23 шілдедегі
 № 356 бұйрығына
 6-қосымша

Бюджетті атқару жөніндегі
 уәкілетті органдардың
 бюджеттік есептілікті

ж а с а у
16-2-қосымша
Нысаны

ж ә н е

б е р у

е р е ж е с і н е

**Бюджет қаражаты есебінен _____ дебиторлық берешектің
(бюджеттің атауы)**

қалыптасу себептері туралы ақпарат

201 ____ жылға _____ арналған жағдай бойынша

Бюджет түрі - _____
Кезеңділігі - айлық, тоқсандық, жылдық
Өлшем бірлігі - мың теңге

1	2	3	4	5	6	оның ішінде:				11
						7	8	9		
Әкімші	Бағдарлама	Кіші бағдарлама	Ерекшелері	Атауы	Дебиторлық берешектің сомасы, барлығы			шарт талаптары бойынша ағымдағы алдын ала төлем	ауыспалы шарттар бойынша (көп жылдық) алдын ала төлем	өткен жылдары

Мемлекеттік асыратын жергілікті басшысы _____ бюджетке ведомствоның/бюджетті уәкілетті _____ қызмет жүзеге жөніндегі органның _____ көрсетуді атқару _____

(қолы)

(қолды таратып жазу)

Деректерді жасау үшін жауапты құрылымдық
бөлімшесінің басшысы _____
(қолы) (қолды таратып жазу)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК